

Общая информация о продукте	Өнім туралы жалпы ақпарат
<p>1. Каковы характеристики TRUVIVITY™ от NUTRILITE™ Комплекса для интенсивного увлажнения кожи?</p>	<p>1. NUTRILITE™ ұсынған TRUVIVITY™ теріні қарқынды ылғалдандыру кешенінің сипаттары қандай?</p>
<p>TRUVIVITY от NUTRILITE Комплекс для интенсивного увлажнения кожи — средство премиум-класса для ежедневного ухода за кожей с дополнительными компонентами для усиления и защиты увлажнения и красоты кожи. Этот комплекс содержит уникальную смесь следующих экстрактов*: церамидов пшеницы — 30 мг, шиповника — 150 мг, ягод годжи — 150 мг, виноградных косточек — 100 мг и дополнительные 100 мг витамина С. Экстракты, содержащиеся в данном комплексе, представляют собой смесь, получившую патент за свою способность поддерживать необходимый уровень коллагена и гиалуроновой кислоты, которые нужны для сохранения оптимальной увлажненности кожи.</p>	<p>NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY теріні қарқынды ылғалдандыру кешені — теріге күнделікті күтім көрсетудің премиум дәрежелі әдісі, құрамында теріні ылғалдандыру әсерін күшейтуге және тері әдемілігіне арналған қосымша компоненттері бар. Бұл кешеннің құрамына төмендегі сығындылардың ерекше қоспасы кіреді*: бидай церамидтері — 30 мг, итмұрын — 150 мг, годжи жидектері — 150 мг, жүзім сүйегі — 100 мг және қосымша 100 мг С дәрумені. Бұл кешендегі сығындылар терінің жеткілікті ылғалдануына арналған коллаген мен гиалурон қышқылының қажетті деңгейін ұстап тұратын қасиеті үшін патент алған қоспаға бірігеді.</p>
<p>* Патент №7,348,034B2, США.</p>	<p>* №7,348,034B2 патент, АҚШ.</p>
<p>2. Кому рекомендован прием данного продукта?</p>	<p>2. Бұл өнім кімге арналған?</p>
<p>Женщинам, желающим сохранить свою красоту. Такая женщина преподносит свою красоту на языке стиля, индивидуальности и образа жизни. Она стремится к безупречной красоте для поддержания уверенности в себе и достижения жизненного успеха. Она постоянно ищет новые пути для защиты своей красоты.</p>	<p>Сұлу қалпында қалғысы келетін әйелдерге. Ондай әйел өз әсемдігін стиль, ерекшелік және өмір салты арқылы көрсетеді. Ол өзіне сенімді болып қалу және өмірде табыстарға жету үшін мінсіз сұлулыққа ұмтылады. Өзінің әдемі келбетін қорғаудың жаңа тәсілдерін іздеуден жалықпайды.</p>
<p>3. Как работает данный продукт?</p>	<p>3. Бұл өнімнің жұмысы қандай?</p>
<p>По отдельности эти растительные экстракты (ягод годжи, шиповника и виноградных косточек) обеспечивают мощную антиоксидантную защиту, способствуют построению новых волокон коллагена, препятствуют разрушению</p>	<p>Бөлек-бөлек бұл өсімдік (годжи жидектері, итмұрын және жүзім сүйегінің) сығындылары күшті антиоксиданттық қорғаныс береді, жаңа коллаген талшықтарының түзілуіне жағдай жасайды, бар коллаген мен гиалурон</p>

<p>существующего коллагена и гиалуроновой кислоты; а вместе они представляют собой уникальный и мощный комплекс, способствующий увлажнению и защите кожи для сохранения ее эластичности. TRUVIVITY™ от NUTRILITE включает в себя также безглютеновый экстракт пшеницы, богатый церамидами. Церамиды — особые жирные кислоты, которые содержатся в коже и помогают защищать ее изнутри, удерживая влагу, благодаря чему кожа выглядит более здоровой и молодой.</p>	<p>қышқылының бұзылуына кедергі келтіреді, ал бірлесіп олар иілгіштігін сақтап қалу үшін теріні ылғалдандырып және қорғап тұратын бірегей әрі күшті кешенді құрайды. NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY™ құрамына цирамидтерге бай глютенсіз бидай сығындысы да кіреді. Цирамидтер дегеніміз — ылғалды сақтау арқылы теріні іштей қорғауға көмектесетін ерекше май қышқылдары, олардың арқасында тері әрі сау, әрі жас көрінеді.</p>
<p>4. Почему продукт содержит именно такое сочетание основных ингредиентов?</p>	<p>4. Өнімдегі негізгі ингредиенттердің арақатынасы неліктен осындай?</p>
<p>Три растительных компонента — шиповник, ягоды годжи и виноградные косточки — были выбраны, благодаря их способности поддерживать оптимальный уровень увлажненности и эластичности кожи. Смесь этих трех экстрактов получила название комплекс PhytoInfuse™ который, в свою очередь, получил патент за способность поддерживать содержание коллагена и гиалуроновой кислоты на оптимальном уровне (* Патент №7,348,034B2, США) Также в состав TRUVIVITY от NUTRILITE входит Комплекс PhytoCeramide <ФитоЦерамид>, содержащий запатентованную смесь DGDG (дигалактозил-диглицерид) и церамосайдов, церамидов растительного происхождения, полученных из экстракта пшеницы, не содержащего глютена, благодаря которой удерживающие влагу церамиды покрывают роговой слой кожи, улучшая ее эластичность и увлажненность (** Патент №2,779,646, Франция).</p>	<p>Бұл үш компонент — итмұрын, годжи жидектері мен жүзім сүйегі — терінің қажетті ылғалдану және иілгіштік деңгейін сақтау қасиетіне байланысты тандалды. Бұл үш сығындының қосындысына PhytoInfuse™ кешені атауы беріліп, коллаген мен гиалурон қышқылын қажетті деңгейде ұстап тұру қасиеті үшін патент алған болатын (* №7,348,034B2 патент, АҚШ). Сондай-ақ NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY құрамында PhytoCeramide <ФитоЦерамид> кешені бар. Ал бұл кешеннің құрамында DGDG (дигалактозил-диглицерид) және церамосайдтардың, глютенсіз бидай сығындысынан алынған өсімдік текті церамидтердің патенттелген қоспасы бар. Соның арқасында ылғалды ұстап тұратын цирамидтер терінің мүйізді қабатын жауып, оның иілгіштік және ылғалдылық сипаттарын жақсартады (** №2,779,646 патент, Франция).</p>
<p>5. Существуют ли научные доказательства, подтверждающие эффективность</p>	<p>5. Осы өнімнің тиімділігін айғақтайтын ғылыми дәлелдер бар ма?</p>

данного продукта?	
<p>Уникальный Комплекс PhytoInfuse™, входящий в состав TRUVIVITY™ от NUTRILITE™ Комплекса для интенсивного увлажнения кожи, представляет собой смесь экстрактов шиповника, ягод годжи и виноградных косточек, получившую патент благодаря своей способности стимулировать выработку коллагена и гиалуроновой кислоты, — веществ, поддерживающих оптимальный уровень увлажненности кожи. В ходе лабораторных опытов, проводимых компанией Амэй, было выявлено, что как вместе, так и по отдельности эти компоненты способны увеличивать показатель содержания коллагена и гиалуроновой кислоты в коже. Различные тесты показали, что эти экстракты в разных комбинациях способны замедлять или блокировать активность ферментов, расщепляющих коллаген, гиалуроновую кислоту и эластин. Было также доказано, что керамиды, входящие в состав комплекса, способствуют увлажнению кожи. Рандомизированное двойное слепое плацебо-контролируемое клиническое исследование показало, что, то количество растительных керамидов, которое содержится в TRUVIVITY от NUTRILITE Комплексе для интенсивного увлажнения кожи, является достаточным для поддержания оптимального уровня увлажненности, эластичности и гладкости кожи. Большинство участниц этого клинического исследования отметили, что их кожа стала более увлажненной, упругой, менее сухой и шершавой (исследование проведено в лаборатории кафедры фармакобиохимии, фармакологии и токсикологии Павийского университета в 2011 году).</p>	<p>NUTRILITE™ ұсынған TRUVIVITY™ теріні қарқынды ылғалдандыру кешенінің құрамына кіретін бірегей PhytoInfuse™ кешені терінің қажетті ылғалдану деңгейін сақтап тұратын заттар коллаген мен гиалурон қышқылының түзілуін ынталандыру қасиетінің арқасында патентке ие болған итмұрын, годжи жидектері мен жүзім сүйегі сығындыларының қоспасын құрайды. Амвэй компаниясы жүргізетін зертхана тәжірибелерінің барысында бұл компоненттер бөлек болсын, бірге болсын, терідегі коллаген мен гиалурон қышқылының мөлшерін арттыра алатыны анықталды. Түрлі сынақтар бұл сығындылардың түрлі үйлесім түрінде коллагенді, гиалурон қышқылы мен эластинді ыдырататын ферменттердің жұмысын баяулата немесе тоқтата алатынын көрсетті. Сонымен қатар кешеннің құрамындағы цирамидтер теріні ылғалдандыруға көмектесетіні дәлелденді. Плацебомен бақыланатын кездейсоқ қос соқыр клиникалық зерттеу NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY теріні қарқынды ылғалдандыру кешеніндегі өсімдік текті цирамидтердің мөлшері терінің қажетті дәрежеде ылғалды, иілгіш және тегіс болуына жеткілікті болатынын көрсетті. Бұл клиникалық зерттеуге қатысқан әйелдердің көбі терісінің ылғалдылығы мен иілгіштігі артып, бұрынғыдай құрғақ және жарғақ емес екенін атап өтті (зерттеу 2011 жылы Павия университетінің фармакобиохимия, фармакология және токсикология кафедрасының зертханасында өткізілді).</p>
<p>6. Какие основные ингредиенты растительного происхождения</p>	<p>6. Осы TRUVIVITY™ өнімдерінде қандай өсімдік текті негізгі</p>

содержатся в данных продуктах TRUVIVITY™?	ингредиенттер бар?
В TRUVIVITY от NUTRILITE™ Комплексе для интенсивного увлажнения кожи:	NUTRILITE™ ұсынған TRUVIVITY теріні қарқынды ылғалдандыру кешенінің құрамы:
<u>Шиповник Чероки (Rosa Laevigata)</u> — белая ароматная роза родом из южной части Китая, содержит много питательных веществ и пользуется большой популярностью в качестве компонента для некоторых традиционных китайских лекарственных средств.	<u>Черока итмұрыны (Rosa Laevigata)</u> — Қытайдың оңтүстік бөлігінен шыққан хош иісті ақ раушан гүл, қоректік заттары мол, кейбір дәстүрлі қытай дәрілік заттарының компоненті ретінде үлкен танымалдыққа ие.
<u>Экстракт ягод годжи</u> — получен из богатых антиоксидантами ягод <i>дерезы обыкновенной</i> .	<u>Годжи жидектерінің сығындысы</u> — антиоксиданттарға бай <i>кәдімгі аққайың</i> жидектерінен алынады.
<u>Экстракт виноградных косточек</u> — получен из косточек винограда (<i>виноград культурный</i>). Было клинически доказано, что данный экстракт является важным компонентом для поддержания здоровья кожи и ее восстановления.	<u>Жүзім сүйегінің сығындысы</u> — жүзім (<i>дақылды жүзім</i>) сүйегінен алынады. Бұл сығындының теріні сау күйінде сақтау және оны қалпына келтіру үшін маңызды компонент болып табылатыны клиникалық түрде дәлелденген.
В TRUVIVITY от NUTRILITE Комплексе и Напитке для интенсивного увлажнения кожи:	NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY теріні қарқынды ылғалдандыру кешені мен сусынының құрамы:
<u>Экстракт церамидов пшеницы</u> — является инновационным безглютеновым увлажняющим средством для кожи, который получают из ядра пшеницы.	<u>Бидай цирамидтерінің сығындысы</u> — бидай өзегінен алынатын, теріні ылғалдандырудың глютенсиз инновациялық құралы.
Информация об использовании продукта	Өнімді пайдалану туралы ақпарат
<p>7. Как следует принимать продукт? Натошак или во время еды? Инструкция по применению TRUVIVITY от NUTRILITE Комплекса для интенсивного увлажнения кожи: две таблетки один раз в день, желательно до 22:00, чтобы комплекс работал в фазе сна, когда происходит процесс обновления организма. Так как таблетки действуют наряду с естественными процессами увлажнения, рекомендуем запивать</p>	<p>7. Өнімді қалай қабылдау қажет? Аш қарынға ма, әлде тамақпен бірге ме? NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY теріні қарқынды ылғалдандыру кешенін қолдану туралы нұсқаулар: екі таблеткадан күніне бір рет, 22:00-ге дейін ішкен дұрыс, сонда кешен ағзаның жаңару процесі орындалатын ұйқы фазасында жүзеге асырылады. Таблеткалардың әсері ылғалданудың табиғи процестерімен қатар</p>

<p>их стаканом воды. Инструкция по применению TRUVIVITY от NUTRILITE Напитка для интенсивного увлажнения кожи: смешайте содержимое 1 пакетика с 240 мл воды. Дождитесь, когда порошок растворится. Напиток готов! Принимайте по одному пакетике два раза в день. Например, во время приема пищи, в середине дня, до или после тренировки, перед вылетом или перед сном.</p>	<p>жүретіндіктен, артынан бір стакан су ішкен дұрыс. NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY теріні қарқынды ылғалдандыру сусынын қолдану туралы нұсқаулар: 1 пакет құрамын 240 мл сумен араластырыңыз. Ұнтақ ерігенше күтіңіз. Сусын дайын! Бір пакеттен күніне екі реттен ішіңіз. Мысалы, тамақ ішіп отырып, күннің ортасында, жаттығу алдында немесе одан кейін, ұшу немесе ұйықтау алдында.</p>
<p>8. Можно ли принимать продукт беременным или кормящим женщинам? Если да, какова рекомендуемая порция?</p>	<p>8. Өнімді екіқабат немесе бала емізетін әйелдер қабылдауға бола ма? Қабылдауға болатын болса, ұсынылатын мөлшері қандай?</p>
<p>Этот продукт не предназначен для беременных или кормящих женщин, в этом случае вам необходимо проконсультироваться с лечащим врачом, прежде чем начать принимать продукт.</p>	<p>Бұл өнім екіқабат немесе бала емізетін әйелдерге арналмаған, мұндай жағдайда өнімді қабылдауды бастамас бұрын, емдеуші дәрігермен кеңескен жөн.</p>
<p>9. Можно ли принимать данный продукт детям? Если да, какова рекомендуемая порция?</p>	<p>9. Бұл өнімді балалар қабылдауға бола ма? Қабылдауға болатын болса, ұсынылатын мөлшері қандай?</p>
<p>Этот продукт предназначен для взрослых и не рекомендуется детям младше 12 лет. Дети в возрасте старше 12 лет могут потреблять этот продукт в той же дозе, которая предназначена для взрослых.</p>	<p>Бұл өнім ересектерге арналған, 12 жастан кіші балалардың қабылдауына ұсыныс берілмейді. 12 жастан асқан балалардың ересектерге арналған дозамен іше беруіне болады.</p>
<p>10. Есть ли какие-то физические особенности (заболевания), при которых употребление этого продукта противопоказано?</p>	<p>10. Бұл өнімді ішуге болмайтын физикалық ерекше жағдайлар (аурулар) бар ма?</p>
<p>Для большинства здоровых людей при приеме продуктов TRUVIVITY от NUTRILITE в той дозе, что указана на этикетке, риск возникновения побочных эффектов сводится к минимуму. Следует проконсультироваться с врачом, прежде чем начать прием данной добавки, особенно при наличии каких-либо</p>	<p>Дені сау адамдардың көбі NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY өнімдерін заттаңбасында көрсетілген дозамен ішкенде, жағымсыз жағдайлар туындамайды деп айтуға болады. Бұл қоспаны қабылдауды бастамай тұрып, әсіресе ауыр дерттерге, соның ішінде эпилепсияға, қан ұюдың бұзылуына, қант</p>

<p>серьезных заболеваний, в том числе эпилепсии, нарушения свертывания крови, сахарного диабета или тяжелой депрессии.</p>	<p>диабетіне немесе ауыр күйзеліске ұшыраған адамдардың алдымен дәрігермен кеңескені жөн.</p>
<p>11. Возможны ли побочные эффекты от приема продукта?</p>	<p>11. Өнімді қабылдаудың жағымсыз жағдайларды туғызуы мүмкін бе?</p>
<p>Реакция организма на эту добавку будет немного отличаться в зависимости от особенностей организма. При потреблении продукта в соответствии с рекомендованной дозой на этикетке возникновение побочных эффектов сводится к минимуму. Согласно научной и медицинской литературе, количество экстрактов, содержащихся в этом продукте, хорошо переносится при приеме в соответствии с указаниями на этикетке.</p>	<p>Ағзаның бұл өнімге деген реакциясы оның ерекшеліктеріне сәйкес сәл ерекшеленуі мүмкін. Өнімді заттаңбасында көрсетілген дозамен пайдаланғанда, жағымсыз жағдайлар туындамауы керек. Ғылыми және медициналық әдебиетке сәйкес бұл өнімдегі сығынды мөлшері заттаңбадағы нұсқауларға сәйкес пайдаланғанда жақсы сіңіріледі.</p>
<p>12. Данный продукт содержит какие-либо компоненты в количестве, превышающем допустимый уровень? Какая максимально допустимая доза потребления продукта является безопасной?</p>	<p>12. Өнімнің құрамында ұйғарынды деңгейден асатын компоненттер бар ма? Өнімнің қандай максималды ұйғарынды мөлшері қауіпсіз деп саналады?</p>
<p>В продукте не содержатся ингредиенты, количество которых превышает допустимый уровень. Оптимальное количество экстракта шиповника, ягод годжи, виноградных косточек или церамидов пшеницы неизвестно, рекомендуемое их количество для ежедневного приема не установлено. Количество этих экстрактов, содержащихся в TRUVIVITY от NUTRILITE, значительно ниже любых опасных показателей, указанных в научной литературе для этих ингредиентов.</p>	<p>Өнімде мөлшері ұйғарынды деңгейден асатын ингредиенттер жоқ. Итмұрын, годжи жидектері мен жүзім сүйегі сығындысының немесе бидай цирамидтерінің оңтайлы мөлшері белгісіз, күнделікті ішуге ұсынылатын мөлшері анықталмаған. NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY құрамындағы бұл сығындылардың мөлшері ғылыми әдебиетте көрсетілген қандай да болсын қауіпсіз көрсеткіштерден әлдеқайда төмен.</p>
<p>Тем не менее, чтобы избежать риска, настоятельно рекомендуется проконсультироваться с врачом перед началом приема добавки.</p>	<p>Дегенмен, қауіп-қатердің алдын алу үшін қоспаны қабылдас бұрын, алдымен дәрігермен кеңескен жөн.</p>

<p>13. Возможен ли прием данного продукта в сочетании с другими биологически активными добавками?</p>	<p>13. Бұл өнімді басқа биологиялық белсенді қоспалармен бірге қабылдауға бола ма?</p>
<p>Система TRUVIVITY от NUTRILITE создана для использования в сочетании с другими продуктами NUTRILITE. Вы можете составить собственную программу употребления добавок в соответствии со своим стилем жизни и потребностями, учитывая ежедневную потребность организма в витаминах и минералах.</p>	<p>NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY жүйесін басқа да NUTRILITE өнімдерімен қабылдауға болады. Өмір салтыңызға және қажеттіліктеріңізге сәйкес, ағзаның дәрумендер мен минералдарға деген күнделікті қажеттілігін ескере отырып, өзіңізге арнап қоспаларды ішу бағдарламасын құрастыра аласыз.</p>
<p>14. Есть ли продукты питания или питательные вещества, которые могут вступить во взаимодействие с этим продуктом?</p>	<p>14. Осы өніммен әрекеттесуі ықтимал азық-түліктер немесе қоректік заттар бар ма?</p>
<p>Не было выявлено никаких продуктов или питательных веществ, которые взаимодействовали бы с компонентами, содержащимися в TRUVIVITY от NUTRILITE.</p>	<p>NUTRILITE ұсынған TRUVIVITY құрамындағы компоненттермен әрекеттесетін азық-түліктер немесе қоректік заттар анықталмаған.</p>
<p>15. Можно ли употреблять данный продукт по истечении срока годности?</p>	<p>15. Бұл өнімді жарамдылық мерзімі өткен соң пайдалануға бола ма?</p>
<p>Мы не рекомендуем употреблять продукт по истечении срока годности. Мы не гарантируем, что уровень питательности веществ сохранится после истечения срока годности. В частности, для пищевых продуктов такие сенсорные характеристики, как вкус, запах, цвет и текстура, могут не сохраниться по истечении срока годности.</p>	<p>Бұл өнімді жарамдылық мерзімі өткен соң пайдаланбаған дұрыс. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін, қоректік заттар деңгейі сақталады деген кепілдік бере алмаймыз. Әсіресе азық-түліктерде дәм, иіс және текстура сияқты сезу сипаттары жарамдылық мерзімі біткен соң сақталмауы мүмкін.</p>
<p>16. Как следует хранить данный продукт?</p>	<p>16. Бұл өнім қалай сақтау керек?</p>
<p>Хранить продукт в плотно закрытой упаковке, в сухом, недоступном для детей месте при комнатной температуре не выше 25° С.</p>	<p>Өнімді қаптамасына салып, мықтап жабылған күйі құрғақ, балалардың қолы жетпейтін, 25° С-тан аспайтын бөлме температурасында сақтау қажет.</p>
<p>17. Что такое нутрикосметика?</p>	<p>17. Нутрикосметика деген не?</p>
<p>Нутрикосметика — это обогащенный продукт, действие которого направлено на улучшение структуры и работы кожи и ее</p>	<p>Нутрикосметика дегеніміз — терінің құрылымын, жұмысы мен сыртқы түрін жақсартуға арналған байытылған өнім.</p>

<p>внешнего вида. Термин «нутрикосметика» состоит из двух слов — «питание» (от англ. nutrition) и «косметика». Главным образом, нутрикосметика предназначена для улучшения защитных свойств кожи и ее внешнего вида. Например, витамин Е способствует увлажнению кожи и помогает защитить ее от вредного воздействия ультрафиолетового излучения.</p>	<p>«Нутрикосметика» термині екі сөзден тұрады: «тамақ» (ағылшын тіліндегі nutrition) және «косметика». Негізінен нутрикосметика терінің қорғаныс қасиетін және сыртқы келбетін жақсартуға арналған. Мысалы, Е дәрумені теріні ылғалдандырып, ультракүлгін сәуленің зиянды әсерінен қорғауға көмектеседі.</p>
<p>18. Какую функцию выполняет липидный слой кожи?</p>	<p>18. Терінің липидті қабаты қандай қызмет атқарады?</p>
<p>Наружный — или роговой — слой кожи выступает в роли защитного барьера. Этот слой кожи состоит из мелких чешуек, которые плотно прилегают друг к другу и образуют толстый слой жировых клеток — водоотталкивающих липидов, расположенных слоями.</p>	<p>Терінің сыртқы немесе мүйізді қабаты қорғаушы тосқауыл қызметін атқарады. Бұл қабат ұсақ қабыршықтардан тұрады, олар бір-біріне тығыз орналасып, май жасушаларының, суды өткізбейтін қатпар-қатпар липидтердің қалың қабатын түзеді.</p>
<p>Эта структура, состоящая из плотных омертвевших клеток кожи и водоотталкивающего слоя, служит защитным барьером и способствует сохранению влаги. Она также препятствует проникновению в кожу таких вредных веществ окружающей среды, как токсины, бактерии или аллергены.</p>	<p>Терінің қалың өлі жасушаларынан және су өткізбейтін қабаттан тұратын бұл құрылым тосқауыл болып, ылғалды ұстап тұрады. Сондай-ақ ол теріге қоршаған ортаның токсиндер, бактериялар немесе аллергиялар сияқты зиянды заттарының енуіне жол бермейді.</p>
<p>19. Нуждается ли кожа в увлажнении изнутри?</p>	<p>19. Теріні іштей ылғалдандыру керек пе?</p>
<p>Кожа выглядит сияющей и молодой, только если ее защитный барьер (липидный слой) не поврежден. Из-за холодного, сухого и морозного воздуха, агрессивных химических веществ, хлорированной воды, колючих тканей и различных загрязнителей защитный барьер кожи лишается жирных масел и влаги, а сама кожа становится более уязвимой. В некоторых случаях эффективность защитных функций кожи снижается вследствие генетических особенностей, плохого питания или различных заболеваний.</p>	<p>Тері оның липидті қорғанысы (қабаты) бұзылмаған болса ғана жарқырап, жас көрінеді. Суық, құрғақ және аязды ауа, жемір химикаттар, хлорланған су, тікенекті мата мен түрлі ластағыш заттардың кесірінен терінің қорғанысы майлар мен ылғалдан айрылып, тері зиянды заттарға осал болып қалады. Кейбір жағдайларда қорғаушы функциялардың тиімділігі генетикалық ерекшеліктерге байланысты, дұрыс тамақтанбаудан немесе түрлі дерттерден төмендейді.</p>

<p>Для того чтобы кожа выглядела молодой и сияющей, недостаточно увлажнять ее только снаружи. Поддержание целостности структуры кожи и ее защитных функций за счет питательных веществ и увлажнения изнутри также важно для ее здорового вида.</p>	<p>Тері жарқырап, жас көрінуі үшін, оны тек сырттай ылғалдандыру жеткіліксіз. Қоректік заттар есебінен және іштей ылғалдандыру арқылы тері құрылымының біртұтастығын және оның қорғаушы функцияларын сақтау да терінің саулығы үшін өте маңызды.</p>
<p>20. Нуждается ли кожа в увлажнении днем и ночью?</p>	<p>20. Теріні күндіз де, түнде де ылғалдандыру керек пе?</p>
<p>В течение дня кожа подвергается вредному воздействию ультрафиолетовых лучей, загрязняющих веществ и других факторов стресса, что негативно сказывается на ее защитном барьере. Получение питательных веществ в течение дня способствует укреплению целостности структуры кожи и улучшению работы ее защитного барьера.</p>	<p>Күні бойы теріге ультракүлгін сәулелердің, ластағыш заттардың және өзге де стресс факторларының зиянды ықпалы тиіп, оның қорғаныс қабатына кері әсерін келтіреді. Қоректік заттарды күндіз қабылдаса, тері құрылымының біртұтастығы күшейіп, қорғаныс қабатының жұмысы жақсарады.</p>
<p>Ночью процессы регенерации клеток не прекращаются, поэтому очень важно, чтобы кожа получала питание и в это время суток.</p>	<p>Түнде де жасушалардың жаңару процестері тоқтамайды, сондықтан терінің сол тәулік бөлігінде де қорек алуы маңызды.</p>
<p>21. Что происходит с кожей, когда мы спим?</p>	<p>21. Ұйықтағанда, терімізде не болады?</p>
<p>Сон — это фаза восстановления нашего ежедневного цикла. Ночью, когда мы спим, в коже происходит процесс восстановления поврежденных клеток и производства новых. Мертвые клетки заменяются новыми. Эта фаза обновления клеток кожи очень важна для ее здорового и сияющего внешнего вида.</p>	<p>Ұйқы — күнделікті циклды қалпына келтіру фазасы. Түнде, біз ұйықтап жатқанда, теріде зақымдалған жасушаларды қалпына келтіру және жаңаларын түзу процесі жүреді. Өлі жасушаларды жаңалары алмастырады. Бұл тері жасушаларының жаңару фазасы оның сау әрі жарқын түрі үшін маңызды.</p>
<p>22. Что представляет собой структура кожи?</p>	<p>22. Терінің құрылымы қандай?</p>
<p>Наружный слой кожи, то есть роговой слой, представляет собой защитный барьер. Он состоит из плотно расположенных друг к другу чешуек — корнеоцитов, которые состоят из белка. Каждый корнеоцит окружен толстым слоем жирового вещества, обладающего влагоотталкивающими свойствами. Этот водоотталкивающий слой состоит из таких липидов, как керамида, холестерин</p>	<p>Терінің сыртқы, яғни мүйізді қабаты қорғаныс қызметін атқарады. Ол бір-біріне тығыз орналасқан қабыршақтардан, ақуыздан құралған корнеоциттерден тұрады. Әр корнеоцит су өткізбейтін қасиетке ие майлы заттардың қалың қабатымен қоршалған. Суды өткізбейтін бұл қабат керамида, холестерин және еркін май қышқылдары (ЕМҚ) сияқты липидтерден тұрады.</p>

и свободные жирные кислоты (СЖК).	
<p>Нижний слой кожи состоит из межклеточного вещества волокон коллагена и эластина. Эти два белковых вещества отвечают за эластичность и упругость кожи. Пустоты между частицами этих веществ заполнены гиалуроновой кислотой, водой и белковыми комплексами. Гиалуроновая кислота за счет своей губчатой структуры способна удерживать влагу в коже.</p>	<p>Терінің астыңғы қабаты коллаген мен эластин талшықтарының жасуша аралық заттарынан құралған. Осы екі ақуызды зат терінің созылғыштығы мен иілгіштігі үшін жауап береді. Бұл заттардың арасындағы бос жерлер гиалурон қышқылымен, сумен және ақуызды кешендермен толтырылған. Гиалурон қышқылы өзінің губка тәрізді құрылымының арқасында ылғалды теріде ұстай алады.</p>
<p>23. Каким образом кожа впитывает кремы и лосьоны?</p>	<p>23. Тері кремдер мен лосьондарды қалай сіңіреді?</p>
<p>Поглощение кожей различных веществ — это сложный процесс, который начинается с эпидермиса. Роговой слой — это внешний слой, через который «проходят» кремы и лосьоны. Роговой слой состоит из холестерина, эфира холестерина и церамидов, все из них представляют собой липиды — жироподобные вещества. Именно поэтому жирорастворимые вещества впитываются лучше. Качество впитывания зависит от многих факторов, например, количества нанесенного продукта, срока годности и степени его натуральности.</p>	<p>Терінің түрлі заттарды сіңіруі — эпидермистен басталатын күрделі процесс. Мүйізді қабат — кремдер мен лосьондарды өткізетін сыртқы қабат. Мүйізді қабат холестериннен, холестерин эфирінен және церамидтерден құралған, олардың барлығы — липидтер, май тәрізді заттар. Сондықтан майда еритін заттар тезірек сіңеді. Сіңу сапасы түрлі факторларға, мысалы, жағылған өнімнің мөлшеріне, жарамдылық мерзіміне және табиғилық деңгейіне байланысты.</p>
<p>Объясните, почему важно заботиться о коже с раннего возраста.</p>	<p>Теріге жас кезден күтім көрсетудің маңызы неде?</p>
<p>Кожа отражает состояние всего организма и является вашей визитной карточкой. Это неотъемлемая часть привлекательного образа. То, как мы заботимся о коже с раннего возраста, найдет свое отражение в более зрелом возрасте. Таким образом, чтобы избежать многих проблем в будущем, например, раннего появления морщин, возрастных пятен и пигментации, необходимо уже сейчас правильно заботиться о коже. Такие основные профилактические меры, как регулярное нанесение солнцезащитного крема, очищение и</p>	<p>Тері бүкіл ағза күйін көрсетеді және сіздің визит картаңыз болып табылады. Бұл тартымды келбеттің ажырамас бөлігі. Терімізге ертеден бастап жасаған күтіміміз есейгенде өз жемісін береді. Солай, келешекте туындайтын көптеген қиындықтардың, мысалы, әжімнің, дақтардың және пигментацияның ерте түсуінің алдын алу үшін, теріге қазірден бастап дұрыс күтім көрсету керек. Күнделікті күннен қорғайтын крем жағу, теріні тазарту және ылғалдандыру, дұрыс тамақтану, соның ішінде жеміс-жидек пен көкөніс жеу сияқты негізгі</p>

увлажнение кожи, правильное питание, включающее потребление фруктов и овощей, должны как можно раньше стать частью вашего образа жизни.	профилактикалық шаралар ертерек өмір салтыңызға айналуы керек.
24. Объясните, почему важно увлажнять кожу изнутри?	24. Теріні іштей ылғалдандырудың маңызы неде?
Для настоящего увлажнения недостаточно наносить увлажняющие вещества на поверхность кожи. Защита и укрепление внутренних увлажняющих структур также важны для поддержания здоровья кожи. Если клетки не получают надлежащего увлажнения изнутри, это отражается на внешнем виде кожи — она лишается упругости и сияния.	Дұрыс ылғалдануы үшін терінің бетіне ылғалдаушы заттарды жағу жеткіліксіз. Ішкі ылғалдаушы құрылымдарды қорғау мен нығайту да терінің сау болуы үшін қажет. Жасушалар қажетті ылғалды іштей ала алмаса, ол терінің сыртқы түрінде байқалады — ол созылғыштық және жарқындық қасиеттерінен айрылады.
Надлежащее увлажнение изнутри пробуждает кожу, способствуя ее мягкости и эластичности и замедляя процессы старения.	Іштей ылғалдану арқылы тері оянады, жұмсарады және оның иілгіштігі артып, қартаю процестері баяулайды.
25. Как возрастные изменения сказываются на коже?	25. Теріге жас өзгерістері қалай әсер етеді?
Старение — процесс неизбежный, однако то, насколько рано организм начнет стареть, зависит от таких факторов, как образ жизни, питание, наследственность, а также от индивидуальных привычек.	Қартаю — қайтарылмайтын процесс, бірақ ағзаның қартая бастайтын уақыты өмір салты, тамақтану, тұқым қуалау, жеке әдеттер сияқты факторларға тәуелді.
С возрастом такие внутренние изменения, как сокращение уровня содержания коллагена и эластина, обезвоживание и замедление скорости обновления клеточной популяции, приводят к утрате эластичности кожи, появлению морщин и несовершенств.	Коллаген мен эластин құрамының азаюы, сусыздану және жасуша популяциясының жаңару жылдамдығының баяулауы сияқты ішкі өзгерістер жас есейе келе тері иілгіштігінің жоғалуына, әжімнің түсуіне және басқа да кемшіліктерге алып келеді.
Сокращение уровня содержания коллагена и эластина	Коллаген мен эластин құрамының азаюы
С возрастом кожа постепенно истончается. Такие важные вещества, как коллаген и эластин, производятся уже не с той активностью, что приводит к потере кожей эластичности и способности к регенерации.	Жас есейе келе, тері жұқара түседі. Коллаген мен эластин сияқты маңызды заттар бұрынғы қарқынмен түзілмейді, соның кесірінен терінің иілгіштігі мен жаңару қасиеті жоғалады.
Потеря влаги	Ылғалды жоғалту
Структура защитного барьера кожи также подвергается возрастным изменениям: сокращается уровень содержания липидов	Терінің қорғаушы қабатының құрылымы да жастық өзгерістерге ұшырайды: липидтер мен ақуыздарды

и внутриклеточного клейкого вещества, которое выступает связующим элементом для белков. Количество такого важного вещества, как гиалуроновая кислота, тоже начинает сокращаться. Сокращение количества этих веществ наряду с ослабленной защитной функцией ведет к потере эластичности кожи и ее старению.	байланыстыратын жасуша ішілік жабысқақ заттың мөлшері азаяды. Гиалурон қышқылы сияқты маңызды зат та кемиді. Осы заттардың азаюы мен қорғаныс функциясының әлсіреуі қатар жүріп, тері иілгіштік қасиетін жоғалтады, қартайады.
Морщины	Әжім
С возрастом волокна коллагена и эластина истончаются, происходит обезвоживание рогового слоя, что приводит к потере эластичности и упругости кожи, а также к появлению морщин.	Жасымыз артқан сайын, коллаген мен эластин талшықтары жұқарып, мүйізді қабат сусызданады, терінің иілгіштік және созылғыштық қасиеті жоғалады, әжім түседі.
26. Что включает в себя ежедневный уход за кожей?	26. Теріге күнделікті күтім көрсетуге не кіреді?
Сияющая кожа — это отражение вашего здоровья. Чтобы избежать проблем в будущем, необходимо ежедневно ухаживать за кожей.	Жарқыраған тері — денсаулық айнасы. Кейін қиындықтар туындамауы үшін, теріге күнделікті күтім көрсету қажет.
Очищающее средство Загрязняющие вещества и макияж закупоривают поры, что приводит к повреждению кожи. Ежедневно используйте очищающие средства, чтобы эффективно удалять все загрязнения с кожи.	Тазартқыш зат Ластаушы заттар мен беттегі бояу терідегі тесіктерді бітеп, теріге зақым келеді. Терідегі кірді мұқият тазалау үшін тазартқыш заттарды қолдану қажет.
Массаж и маска для лица Регулярный массаж способствует хорошей циркуляции крови, снимает стресс и делает кожу упругой. Во время массажа от температурного воздействия рук раскрываются поры.	Теріге массаж және маска жасау Тұрақты түрде массаж жасау қан айналымын жақсартып, күйзелісті кетіріп, терінің иілгіштігін арттырады. Массаж кезінде қолдың температуралық әсерінен тесіктер ашылады.
Увлажняющий тоник	Ылғалдаушы тоник
При использовании тоника сокращается количество мертвых клеток, а кожа наполняется влагой. Тоник способен нормализовать pH-уровень кожи. Выбирайте тоник без содержания алкоголя, так как алкоголь приводит к обезвоживанию.	Тоник қолданғанда, өлі жасушалардың мөлшері азайып, тері ылғалға толады. Тоник терінің pH деңгейін қалпына келтіреді. Алкоголь қосылмаған тоник алыңыз, алкоголь сусыздануға алып келеді.
Солнцезащитный крем	Күннен қорғайтын крем

<p>Основная причина появления морщин и возрастных изменений кожи — это воздействие солнечных лучей. Солнцезащитные кремы защищают вашу кожу от вредного воздействия ультрафиолетового излучения. Наносите солнцезащитный крем с SPF >15 перед тем, как отправиться на улицу, даже в облачную погоду.</p>	<p>Бетке әжім мен жастық өзгерістердің түсуінің негізгі себебі — күн сәулесінің әсері. Күннен қорғайтын кремдер теріңізді ультракүлгін сәуленің зиянды әсерінен қорғайды. Бұлтты күннің өзінде далаға шығарда SPF деңгейі 15-тен артық күннен қорғайтын крем жағу қажет.</p>
<p>Увлажняющий крем</p>	<p>Ылғалдаушы крем</p>
<p>Увлажняющий крем необходимо наносить для того, чтобы кожа оставалась молодой и сияющей. Крем следует наносить ежедневно после душа похлопывающими движениями по направлению вверх.</p>	<p>Ылғалдаушы крем терінің жас әрі жарқын болып қалуы үшін қажет. Кремді душтан кейін күн сайын жоғары қарай, саусақпен қағып-қағып жағу керек.</p>
<p>Правильное питание</p>	<p>Дұрыс тамақтану</p>
<p>Правильное питание — это ключ к красивой и здоровой коже.</p>	<p>Дұрыс тамақтану — әдемі әрі сау тері кепілі.</p>
<ul style="list-style-type: none"> • Фрукты и овощи ярких цветов содержат фитонутриенты, крайне полезные для поддержания здоровья кожи. Например, морковь, сладкий перец и т. д. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жарқын түсті жеміс-жидектер мен көкөністерде тері саулығы үшін өте маңызды фитонутриенттер болады. Мысалы, сәбіз, тәтті бұрыш, т.б.
<ul style="list-style-type: none"> • Ягоды представляют собой прекрасное сочетание антиоксидантов и витаминов С и Е. Они способствуют увеличению уровня коллагена — волокна, отвечающего за упругость кожи. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жидектерде антиоксиданттар мен С және Е дәрумендері жақсы үйлесім тапқан. Олар терінің иілгіштігі үшін жауап беретін коллаген талшығының артуына көмектеседі.
<ul style="list-style-type: none"> • Цельнозерновые злаки — прекрасный источник волокон. Они способствуют хорошему пищеварению и выведению токсинов, благодаря чему кожа выглядит потрясающе. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бүтін дәнді дақылдар — тамаша талшық көзі. Олар тамақтың дұрыс қорытылып, токсиндердің шығуына жағдай жасайды, соның арқасында тері тамаша көрінеді.
<ul style="list-style-type: none"> • Шпинат и другие зеленые листовые овощи богаты фитохимическими веществами, антиоксидантами, витаминами А, С и Е, а также железом, которое необходимо для поддержания оптимального состояния крови и для сияния кожи. 	<ul style="list-style-type: none"> • Шпинат пен басқа жасыл жапырақты көкөністер фитохимиялық заттарға, антиоксиданттарға, А, С және Е дәрумендеріне, сондай-ақ қанның оңтайлы күйін сақтау және терінің жарқырауы үшін қажетті темірге бай.
<ul style="list-style-type: none"> • Фасоль, черные бобы, горох, 	<ul style="list-style-type: none"> • Бұршақ, қара бұршақ, асбұршақ,

<p>чечевицу и сою необходимо включать в свой рацион, поскольку они содержат полезные для кожи изофлавоноиды.</p>	<p>жасымық пен сояны да тамаққа қосу керек, олардың құрамында теріге пайдалы изофлавоноидтар бар.</p>
<ul style="list-style-type: none"> Жирная рыба, например, лосось и макрель, является хорошим источником омега-3 жирных кислот, которые благоприятно воздействуют на кожу, способствуя ее эластичности. 	<ul style="list-style-type: none"> Майлы балық, мысалы, албырт пен макрель омега-3 майлы қышқылдың таптырмас көзі болып табылады, олар теріге жағымды әсерін тигізіп, оның иілгіштік қасиетін арттырады.
<p>И напротив: рацион с высоким содержанием обработанных или рафинированных углеводов и вредных жиров ведет к старению кожи.</p>	<p>Ал құрамында өңделген немесе тазартылған көмірсулары мен зиянды майлары көп тамақ терінің қартаюына себеп болады.</p>
<p>27. Как состояние организма отражается на коже?</p>	<p>27. Ағзаның күйі теріге қандай әсерін тигізеді?</p>
<p>Состояние кожи — это отражение состояния нашего организма. Любые негативные процессы, происходящие в организме, сказываются на состоянии кожи.</p>	<p>Тері күйі — ағзамыздағы жағдайдың айнасы. Ағзада болып жатқан кез келген теріс процестер терінің бетінде көрініп тұрады.</p>
<p>Кожа всегда выглядит сияющей, если с организмом все в порядке. И напротив, если с организмом что-то не так, на коже наблюдаются изменения: потеря упругости, изменение ее цвета, тона и текстуры.</p>	<p>Ағзада бәрі дұрыс болса, тері жарқырап тұрады. Ал ағзада бірдеңе дұрыс болмаса, теріде өзгерістер байқалады: иілгіштік жоғалады, түсі, реңкі мен текстурасы өзгереді.</p>
<p>Например, при дефиците железа уровень гемоглобина в крови понижается, кожа выглядит бледной, появляются темные круги под глазами. Дефицит других витаминов также отражается на внешнем виде кожи, например, при нехватке витамина А кожа становится грубой и шелушится.</p>	<p>Мысалы, темір жетіспегенде, қандағы гемоглобин деңгейі төмендейді, тері бозарып, көздің асты көгереді. Басқа дәрумендердің жетіспеуі де теріде көрініп тұрады, мысалы, А дәрумені жетіспесе, тері қатайып, қабыршықтанады.</p>
<p>Таким образом, кожа служит отражением состояния организма и процессов, происходящих в нем.</p>	<p>Осылай тері ағза күйі мен онда жүріп жатқан процестердің кескіні қызметін атқарады.</p>
<p>28. Объясните, как питательные вещества влияют на состояние кожи.</p>	<p>28. Қоректік заттар терінің күйіне қалай ықпал етеді?</p>
<p>Полезных питательных веществ для кожи достаточно много, но некоторые из них</p>	<p>Теріге арналған пайдалы қоректік заттар өте көп, бірақ олардың кейбіреуі оның</p>

являются ключевыми для поддержания оптимального уровня ее увлажненности. Способствуя защите основных структурных элементов кожи — гиалуроновой кислоты и коллагена, — перечисленные ниже вещества помогают удерживать влагу в коже.	ылғалдану деңгейін оңтайлы дәрежесінде сақтау үшін өте маңызды. Терінің негізгі құрылымды элементтерінің — гиалурон қышқылы мен коллагеннің — қорғанысын қамтамасыз ете отырып, төменде берілген заттар теріде ылғалды сақтап қалуға көмектеседі.
Шиповник	Итмұрын
<ul style="list-style-type: none"> • Содержит проантоцианиды, которые благотворно влияют на цвет, тон и структуру кожи. 	<ul style="list-style-type: none"> • Құрамында проантоцианидтер бар, терінің түсіне, реңкіне және құрылымына жақсы әсер етеді.
<ul style="list-style-type: none"> • Содержит антиоксидантную смесь аскорбиновой кислоты, витамина Е и каротеноидов. 	<ul style="list-style-type: none"> • Аскорбин қышқылы, Е дәрумені мен каротеноидтардың антиоксиданттық қоспасы бар.
Виноградные косточки	Жүзім сүйегі
<ul style="list-style-type: none"> • Виноградные косточки обладают антиоксидантными свойствами, которые сохраняют здоровье клеток и молодость кожи, а также делают ее эластичной и упругой. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жүзім сүйегі жасушаларды сау, ал теріні жас күйінде сақтап қалатын, иілгіштік және созылғыштық қасиетін арттыратын антиоксиданттық қасиеттерге ие.
<ul style="list-style-type: none"> • Содержат проантоцианиды, которые защищают кожу от вредного воздействия солнечных лучей 	<ul style="list-style-type: none"> • Құрамында теріні күн сәулесінің зиянды әсерінен қорғайтын проантоцианидтер бар.
Ягоды годжи	Годжи жидектері
<ul style="list-style-type: none"> • Благодаря содержащимся в ягодах годжи витамину С, комплексу витаминов группы В, аминокислотам, каротеноидам и полисахаридам, они способствуют эластичности и обновлению кожи. 	<ul style="list-style-type: none"> • Годжи жидектерінде болатын С дәруменінің, В тобы дәрумендері кешенінің, аминокышқылдардың, каротеноидтар мен полисахаридтердің арқасында терінің созылғыштық қасиетін арттырып, жаңаруына жағдай жасайды.
<ul style="list-style-type: none"> • Обладают мощным антиоксидантным действием. 	<ul style="list-style-type: none"> • Күшті антиоксиданттық ықпалы бар.
<ul style="list-style-type: none"> • Предотвращает вредное воздействие свободных радикалов, замедляет процесс образования морщин. 	<ul style="list-style-type: none"> • Еркін радикалдардың зиянды әсерінен қорғайды, әжім түсу процесін баяулатады.
Церамиды, не содержащие глютен	Глютенсіз церамидтер
<ul style="list-style-type: none"> • Поддерживают работу защитного барьера кожи. 	<ul style="list-style-type: none"> • Терінің қорғаныс қабатының жұмысын жақсартады.
<ul style="list-style-type: none"> • Помогают укрепить защитный слой снаружи, препятствуя потере 	<ul style="list-style-type: none"> • Қорғаныс қабатын сырттан нығайтып, ылғалдың жоғалуына

влаги.	жол бермейді.
Экстракт вишни ацеролы	Ацерола шиесінің сығындысы
<ul style="list-style-type: none"> • Предоставляет мощную антиоксидантную защиту. 	<ul style="list-style-type: none"> • Күшті антиоксиданттық қорғаныс береді.
<ul style="list-style-type: none"> • Обеспечивает защиту от воздействия свободных радикалов. 	<ul style="list-style-type: none"> • Еркін радикалдардың әсерінен қорғайды.
29. Почему в комплекс входят средства для дневного и ночного применения?	29. Кешенге неліктен күндіз және түнде қолданылатын заттар кіреді?
<p>В течение дня кожа подвергается вредному воздействию солнечных лучей, загрязняющих веществ и химикатов. Это неизбежно приводит к ухудшению защитных функций кожи. Поэтому мы создали Комплекс PhytoInfuse™, в состав которого входят экстракты ягод годжи, шиповника и виноградных косточек. Он дарит прилив свежести и улучшает защитные функции кожи за счет повышения уровня содержания коллагена и гиалуроновой кислоты.</p>	<p>Күні бойы тері күн сәулелерінің, ластаушы заттар мен химикаттардың зиянды әсеріне шалдығады. Бұл терінің қорғаушы функцияларының азаюына алып келеді. Сондықтан біз PhytoInfuse™ кешенін жасап шығардық, оның құрамына годжи жидектерінің, итмұрынның және жүзім сүйегінің сығындысы кіреді. Ол сергектік беріп, коллаген мен гиалурон қышқылын арттыру арқылы терінің қорғаныс қызметін жақсартады.</p>
<p>Ночью процесс регенерации клеток в организме не прекращается. Поэтому мы создали Комплекс PhytoCeramide (ФитоЦерамид), в состав которого входят керамиды пшеницы, не содержащие глютена, и экстракт тропической вишни, который способствует восстановлению защитной функции кожи, питанию ее обезвоженных клеток и увлажнению изнутри.</p>	<p>Түнде ағзадағы жасушалардың жаңарту процесі тоқтамайды. Сондықтан біз глютенсіз бидай церамидтерінен және тропикалық шиесі сығындысынан тұратын PhytoCeramide (ФитоЦерамид) кешенін жасап шығардық. Ол терінің қорғаныс қызметін қалпына келтіріп, сусызданған жасушаларды қоректендіріп, теріні іштей ылғалдандырады.</p>
30. Какова мировая тенденция в этом сегменте?	30. Бұл сегменттегі әлемдік тенденция қандай?
<p>От поверхностного представления о «красивой коже» тенденция изменила курс в сторону более комплексного подхода к уходу за кожей, включающего увлажнение на всех уровнях. И даже та косметика, которая используется исключительно для наружного применения, сегодня включает абсолютно новые ингредиенты, положительно влияющие на внешний вид кожи. Теперь</p>	<p>«Әдемі тері» туралы беткейлі түсінікті тенденция барлық деңгейде ылғалдандыруды қамтитын, теріге күтім көрсетудің кешенді әдісіне қарай бұрылды. Тек сырттай қолданылған косметиканың өзіне қазір терінің түріне жағымды әсер беретін жаңа ингредиенттер қосылады. Енді сізге берер кеңесіміз — мінсіз, жарқын әрі сау тері үшін оның сұлулығын іштей де</p>

<p>мы рекомендуем поддерживать красоту кожи изнутри (с помощью нутрикосметики) и снаружи, чтобы добиться идеально сияющей и здоровой кожи.</p>	<p>(нутрикосметика арқылы), сырттай да демеп отыру қажет.</p>
--	---